


СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ
ФАКУЛЬТЕТ: Медициналық-профилактикалық іс
КАФЕДРА: Тағамтану және гигиеналық пәндер

ДӘРІС



**тақырып: ” Денсаулық жағдайының ауытқулары мен
даму ақаулары бар балалар мен жасөспірімдерге
арналған мекемелерде оқу үдерісін ұйымдастырудың
гигиеналық негіздемесі. ”**



ДӘРІС ЖОСПАРЫ

- 1. Денсаулық жағдайының ауытқулары мен даму ақаулары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелер.**
- 2. Денсаулық жағдайының ауытқулары мен даму ақаулары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелерде оқу үдерісін ұйымдастыруы.**



1. Денсаулық жағдайының ауытқулары мен даму ақаулары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелер

Дамуындағы ақаулары бар балалар мен жасөспірімдер, олардың дамуына адекватты емдеу, тәрбие, білім, әлеуметтік бейімделуі мен интеграцияны дамуындағы ақаулары бар тәрбиеленушілерге арналған арнайы білім беру ұйымдарында алады.



АРНАЙЫ БАЛАЛАР МЕКЕМЕЛЕРІН ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ:

- дене және ой қабілетінің дамуында ауытқулары бар балаларды тәрбиелеу, оқыту және реабилитациялау мекемелерінің жүйесімен толықтай қамту;**
- ауытқулары бар балаларды ерте жастан бастап ерте анықтау және белсенді коррекция;**
- мамандардың (дефектологтар, психологтар, педагогтар, реабилитологтар) көмегімен балалар тұруға және оқуға оптималды жағдай және мекеме таңдап алу;**
- дамуында шамалы ауытқулары бар балаларды, жалпы типтегі білім беру мекемелеріне (бала бақшалар, мектептер) максималды түрде тарту.**



АРНАЙЫ МЕКЕМЕСІН ҚҰРУДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ:

- дамуындағы басты ауытқу принципі бойынша мекемелерді жинақтау;
- көпшілік бала мекемелердегі топтарының толуымен салыстырғанда сәл төмен (15 тәрбиеленушіге дейін).
- мекеме штатына дефектологтар, олигофренопедагогтар, сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, логопедтер, сонымен қатар қосымша медициналық жұмысшыларды енгізу.
- арнайы мекемелерде білім беру процессі, оқу және тәрбиелеудің арнайы кешенді бағдарламасымен жүзеге асады.



Арнайы ұйымдардың түрлеріне мыналар жатады:

- көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп;**
- есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп;**
- сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп;**
- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп;**
- интелекті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп;**
- психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы мектеп;**
- «мектеп-бала бақша» арнайы кешені;**
- психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, оңалту орталығы;**
- психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті.**



**АРНАЙЫ МЕКЕМЕ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ
ПРИНЦИПТЕРІ КЕЛЕСІ ШАРТТАРДЫҢ
ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК:**

- 1. тәрбиелеу мен оқытудың максималды өзіндік қасиетті қамтамасыз ету үшін топтардың (сыныптардың) аз толымдылығын құру;**
- 2. балалардың физикалық кемшіліктерінің сипатына қарай оқу орындарын ұйымдастыру;**
- 3. даму ақауларына байланысты арнайы коррекциялық оқу бағдарламаларын қолдану және кең спектрлі техникалық құралдарды қолдану;**
- 4. ғимараттың функционалдық-жоспарлық композициясы, тәрбиеленушілер контингентіне байланысты оның тағайындалуын көрсету керек және балалар мен қызмет көрсету персоналына максималды комфортты қамтамасыз ету керек.**




**АРНАЙЫ МЕКЕМЕ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖОБАЛАУ
ПРИНЦИПТЕРІ КЕЛЕСІ ШАРТТАРДЫҢ
ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕРЕК:**

- 5. мүгедек балалардың еңбекке жарамдылығының әртүрлігін сипаттайтын кәсіби бағыт жүйесінің базасын құру;**
- 6. ғимарат құрамына медициналық сауықтыру мақсатында кең құрамды бөлмелерді енгізу;**
- 7. мүгедек балалармен пайдаланылатын барлық бөлмелерде лайықты құрылғыларды қолдану;**
- 8. тәрбиеленушілер контингентінің ерекшеліктеріне және талаптарына сәйкес учаскені жайландыру және құрылғылармен қамтамасыз ету.**




АРНАЙЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ МЕКЕМЕЛЕР

- көгалдандырылған жекеленген учаскілерде немесе қала шетіндегі аймақтарда орналасу керек.**
- өндірістік және коммуналды кәсіпорындарынан, теміржол жолдарынан және транспорт жүру жиілігі жоғары жолдардан, сонымен қатар басқа да шу, ауаның және топырақтың ластану көздерінен 3000м кем емес қашықтықта орналасу керек.**



Аудиометриялық аппаратураның жұмысының бұзылыстарын болдырмау үшін, көру және есту ақаулары бар балаларға арналған мекемелерді радиостанциялардан, радио-қабылдағыш қондырғы-пульттардан 1500м- ден кем емес қашықтық аудандарда орналастырған жөн.



Учаскенің, алаңшалар жиынтығының жалпы ауданың және олардың жабдықтануын анықтағанда, арнайы мекеменің әрбір типіне сауықтыр–қалыптастыру мақсаттарымен қатар оқу және кәсіптік дайындығы үшін учаскенің қолдану спецификасын ескеру қажет.




АРНАЙЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ УЧАСКІЛЕРІ

- Арнайы мекемелер учаскелері ойын алаңдар құрамының дамуын, оқу-тәжірибелік зона алаңдарының үлкен болуын, еңбекке үйрету және кәсіптік дайындау алаңдар жиынтығын кенейткен кезде олардын арнайы жабдықтануын қажет етеді.
- Бұл алдын ала қимыл -тірек аппаратының бұзылыстары бар, соқыр және нашар көретін, ақыл-ес кемшілігі бар балаларға арналған мектеп-интернаттарға қатысты.



ҒИМАРАТ ҚАБАТТЫЛЫҒЫ

- **Тірек-қозғалыс жүйесі бұзылған және соқыр балаларға арналған арнайы түзету жалпы білім беру ұйымдарының ғимараты екі қабаттан артық болмауы тиіс.**
- **Саңырау және сөйлеу қабілеті қиын балалар үшін үш қабатты ғимарат салуға жол беріледі.**
- **Арнайы түзету жалпы білім беру ұйымдарының мектеп жасына дейінгі тобын ұйымдастыру кезінде топтық бөліктерді екі қабаттан асырмай, көру қабілеті нашар балалар үшін бір қабатты бөлек ғимаратта немесе блоктарда орналастырады.**



Арнайы білім беру ұйымдарындағы оқу үй-жайының ауданы бір оқушы есебінен қабылданады:

1) ақыл-есі дамымаған балалар және психикалық дамуы кешеуілдеген балалар үшін – 2,2 м²;


2) полиомиелит салдарынан зардап шеккен және енжар сал ауруымен ауыратын балалар үшін – 3,5 м²;

3) басқа балалар үшін – 3,0 м².



Арнайы түзету білім беру ұйымдарында бейініне байланысты мынадай қосымша кабинеттер көзделеді:

- **саңырау, нашар еститін және сөйлеу қабілеті бұзылғандарға арналған фронталдық жұмыс үшін есту кабинеті, оқушының естуін дамыту және дұрыс сөйлеуге үйрету бойынша оқытушының жеке жұмысына арналған кабинет; айнасы бар қабырғалары және хореографиялық станоктары бар музыкалық-ритмикалық сабақ өткізуге арналған кабинет;**
- **ақыл-есі дамымаған балалар үшін – логопедиялық кабинеттер;**
- **соқыр және нашар көретін балалар үшін – логопедиялық және лингафондық кабинеттер, машинамен басу, электротехника, жапсыру және көркемдеп сурет салу кабинеттері, жеке музыкамен айналысуға арналған бөлме;**
- **рекреация – бір оқушыға кемінде 1 м² есебімен оқу және тұрғын секцияларындағы қонақ үйлер;**
- **барлық ұйымдарда ауданы 162 м² болатын спорт залы және медициналық блокта емдік дене шынықтыру кабинеттері немесе залдары;**
- **соқыр және нашар көретін балалар үшін спорт залы екі аймаққа бөлінеді: снаряд бөлмесі (аз аймақ) және негізгі (үлкен аймақ).**



2. Денсаулық жағдайының ауытқулары мен даму ақаулары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелерде оқу үдерісін ұйымдастыруы.

Дамуындағы ақаулары бар және ауру балалар жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқиды.

Ақыл-ой кемшіліктері бар балалар арнайы білім беру бағдарламалары бойынша арнайы коррекциялайтын жалпы білім беретін мектептерде , мектеп- интернаттарда және арнайы балалар үйлерінде оқиды.



Оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері

- оқушыларға оқытушының жиі қастарына баруды қажет ететін оқытудың жекеленген әдісі
- көрнекті құралдарды кең қолдану
- саңырау және есту қабілеті төмендеген балаларды жартылай шеңбер бойымен отырғызу
- соқыр балалар үшін үлкен оқулықтар мен үстелдерді қолдану.



Тәрбие-салауаттандыру шаралары

- **жарықтану нормаларын сақтау;**
- **жиһаздарды дұрыс таңдау мен орналастыру;**
- **бар патологиялардың сипатына байланысты балаларды сабақтарда отырғызу;**
- **балалардың өмір мен денсаулықтарын сақтау барысында, негізгі күн тәртібінің компоненттерің орындауда, көру қызметтеріне сай көзқарастар (ойындарды, серуендерді ұйымдастыру, бөлмелердің ішінде мен бөлмелерден тыс жылжу);**
- **кейбір аурулар үшін денешынықтыру сабақтарында шектелуді сақтау;**
- **жалпы және көру қажуын төмендету үшін көру жүктемелерінің тәртібін сақтау, шараларды орындау.**



Тәрбие-салауаттандыру шаралары

- ▣ нашар көретін балалардың оқу бөлмелерінде бір орынды реттелетін параметрлары бар үстелдер мен парталар ұсынылады;
- ▣ соқыр балаларға арналған бөлмелер горизонталды тақтасы бар үстелдермен жабдықталады
- ▣ оқытуды және материалды түсінуді жеңілдететін аспаптар мен құралдардың қосымша жиынтығы ұсынылады (Брайль бойынша жазуға арналған құралдар, Брайль жүйесі бойынша жазу машинкалар); арнайы оптикалық жабдықтар т.б.



Тәрбие-салауаттандыру шаралары

- **ақыл-ес кемшілігі бар балалардың оқу бөлмелерінде қарапайым, сенімді конструкциясы бар бір орынды үстелдер орналастырылады;**
- **есту мен сөйлеу бұзылыстары бар балалардың оқу бөлмелерінде бір орынды жеке пультт (микрофон жиынтығы, есту құралдары) үстелдер ұсынылады;**
- **оқушылар мен оқытушының стационарлы орнатылған үстелдерде есту құралдар құрастырылады;**
- **тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалардың оқу бөлмелерінде, сабақты өткізуге ыңғайлы арнайы жиһаздар ескеріледі.**